

Ш. Әлмұханбет^{1*}, Қ. Молдабек²

^{1,2} *Өзбекәлі Жәнібеков атындағы Оңтүстік Қазақстан педагогикалық университеті, Шымкент, Қазақстан*
(*Хат-хабарларға арналған автор. E-mail: sholpaalmu@gmail.com)

¹ORCID 0009-0001-2315-282X

²ORCID 0000-0003-3251-8819

Сыни ойлау технологиясы бастауыш сынып оқушыларының тілдік дағдыларын қалыптастырудың құралы ретінде

Мақалада сыни ойлау технологиясы бастауыш сынып оқушыларының тілдік дағдыларын қалыптастырудың құралы ретінде қарастырылған. Тілдік дағдыларды қалыптастыру оқушының академиялық дамуы үшін маңызды. Оқушының тілдік дағдыларын сауатты тұрғыда қалыптастыру бүгінгі таңда өзекті зерттеу. Бұл оқушының жеке дамуына, ақпаратты еркін талдауына, қарым-қатынас орнатуға, қатынас барысында өз ойын сауатты және мәдениетті жеткізуге, пайымдауға, сөздік қорын байытуға мүмкіндік береді. Тілдік дағды — оқылым, тыңдалым, айтылым, жазылым атты төрт дағды негізінде қалыптасады. Яғни, функционалды сауаттылықтың қалыптасуына негіз болады, оның тілдік бірліктерді дұрыс қолдана білуіне, сөздің мағынасын және қолданылу аясын түсінуге, сөйлеудің этикасын меңгеруіне мән беріледі. Зерттеудің мақсаты — сыни ойлау технологиясын бастауыш сынып оқушыларының тілдік дағдыларын қалыптастырудағы құралы ретінде негіздеу. Зерттеу барысында сыни ойлау тұрғысынан бастауыш сынып оқушыларының тілдік дағдыларын қалыптастырудың компоненттері мен өлшемдері, көрсеткіштері анықталды. Зерттеуге Шымкент қаласындағы екі мектептің бастауыш сынып оқушылары қатысты Тәжірибелік-эксперименттік жұмыстың үш кезеңі іске асырылды. Анықтау кезеңінде Р.С. Немовтың диагностикалық әдістемесі мен авторлық тапсырманың көмегімен оқушылардың тілдік дағдыларының деңгейі мен сөздің қорының белсенділігі анықталды. Қалыптастыру кезеңі сыни ойлау технологиясы арқылы оқушылардың тілдік дағдыларын қалыптастыруға бағытталған тапсырмаларды ұсыну арқылы жүзеге асырылды. Бақылау кезеңінде нәтижелер салыстырмалы түрде салыстырылып, тілдік дағдыларды қалыптастыруға бағытталған тапсырмалардың тиімділігі дәлелденді.

Кілт сөздер: тілдік дағды, сыни ойлау технологиясы, сөздік қор, ақпаратты талдау, тілдік бірлік, сауаттылық, коммуникативті қатынас.

Kipicne

Бүгінгі таңда тілдік дағдыларды сыни тұрғыдан, инновациялық әдістерді қолдану арқылы қалыптастыру ұтымды әрі нәтижелі. Соңғы оң жылдықта тілдік дағдыларды сыни тұрғыдан қалыптастыру мәселесі кеңінен зерттеуді қажет етуде. Тілдік дағдыларды қалыптастыру оқушының академиялық дамуы үшін маңызды. Оқушының тілдік дағдыларын сауатты тұрғыда қалыптастыру бүгінгі таңда өзекті әрі нәтижелі іске асыруды қажет етеді. Тіл адамның ажырамас қасиеті ретінде біздің тәжірибеміз бен білім беру траекторияларымызды қалыптастыруда шешуші рөл атқарады [1]. Осы орайда, тілдік дағдыларды іске асырудағы практикалық жұмыстардың сапасы мен мазмұнына ерекше мән берілу керек. Ендеше, бұл мәселені шешуде оқу процесінде ұйымдастырылатын әрекеттер маңызды рөл атқарады, яғни оқушының жеке дамуына, ақпаратты еркін талдауына, қарым-қатынас орнатуға, қатынас барысында өз ойын сауатты және мәдениетті жеткізуге, пайымдауға, сөздік қорын байытуға мүмкіндік береді.

Тілдік дағды — оқылым, тыңдалым, айтылым, жазылым атты төрт дағды негізінде қалыптасады. Бұл дағдылардың өзіндік ерекшеліктерімен игерту жолдары әртүрлі болғанымен, бірінің дамуына бірі септігін тигізеді. Демек, функционалды сауаттылықтың қалыптасуына негіз болады дей келе, оның тілдік бірліктерді дұрыс қолдана білуіне, сөздің мағынасын және қолданылу аясын түсінуге, сөйлеудің этикасын меңгеруіне мән беріледі. Бұл дағдыларды қалыптастыруда оқушыларға әдістемелік тұрғыда көмек беріп, тілдік дағдылары еркін қалыптасқан оқушыны тәрбиелеу біздің міндетіміз.

Тілдік дағдыларды қалыптастыруда сыни ойлау маңызды рөл атқарады. Тілдік дағдыларды игеру лингвистикалық, когнитивтік элементтерден және пайымдау және ой қорытындысын жасауға негіз болатын сыни ойлау процесінен тұрады [2]. Талдау, жинақтау, пайымдау, бағалау секілді

жоғары деңгейлі ойлау дағдылары сыни тұрғыдан ойлау мен тілдік дағдылардың жетік меңгеруіне мүмкіндік береді [3].

Осы ретте, шетел ғалымдары Cananau I., Edling S., Haglund B. зерттеуінде «сыни ойлауды — бұл шындықты өтіріктен ажырату, жалған дәлелдер мен қате болжамдарды анықтау, мәлімдемелер арасындағы қорытынды байланыстарды түсіну, сенімді және сенімсіз ақпаратты ажырату мақсатында когнитивтік және дәлелдеу дағдыларын қолдануды қамтитын интеллектуалды әрекет» деп қарастырады [4]. Бұл әрекеттер тілдік дағдылар арқылы көрініс табады және жоғары деңгейлі ойлау дағдыларын қалыптастыруға мүмкіндік береді.

Джонатан Хабердің (2020) «Сыни тұрғысынан ойлау» атты кітабында сыни ойлаудың құрамдас бөліктерінің бірі тілдік дағдыларды, құрылымдық ойлауды қалыптастыру мәселесі қарастырылған. Сыни тұрғыдан ойлай алатын адам тілдік дағдыларды құруға бағытталған тұжырымдарды логикалық талдаудың негізі ретінде қолданады. Автор өз зерттеуінде сыни ойлауды бір-біріне сәйкес келетін сыни ойлау, коммуникация, ынтымақтастық, шығармашылықты қамтитын «4Cs» ретінде анықтайды. Сыни ойлау, ынтымақтастық, коммуникацияның қиылысы әлеуметтік ойлауға қатысу үшін қажетті дағдыларды анықтайды. Ал, сыни ойлау мен шығармашылықтың іске асуы болжам және тәжірибе сияқты рефлексивті және ғылыми ойлаумен байланысты шығармашылық әрекеттерді қалыптастыруға мүмкіндік береді [5].

Қазіргі таңда ғалымдардың зерттеуі бойынша, білім алушылардың жасанды интеллектімен өзара әрекеттесуі күрделі сыни ойлау дағдыларын қалыптастыруға ықпал ететінін анықтауда. Білім алушылардың ЖИ-ге белсенді қатысуы сыни ойлау дағдыларын іске асыруға мүмкіндік беріп, аналитикалық проблемалық мәселелерді шешуде қолданады. Бұл сыни ойлау дағдыларын қалыптастырудың катализаторы ретінде қызмет етеді. Демек, ЖИ сыни ойлау дағдысын қалыптастыруға арналған платформаны қамтамасыз етіп, проблеманы шешуде және ақпаратты бағалауда рефлексивті және аналитикалық көзқарасты қолдайды [6].

Пікірталасқа қатысу, өз ойларын тұжырымдауға, сыни ойлауға мүмкіндік беретін диалогтік оқытуды оқу процесінде іске асырудың жолдарын Heron және Wason қарастырды [7]. Демек, диалогтік оқыту тілдік дағдыларды, сыни ойлау дағдыларын қалыптастыруға мүмкіндік береді.

Олай болса, біз зерттеу жұмысымызда сыни ойлау технологиясын тілдік дағдыларды қалыптастырудың құралы ретінде қарастыратын боламыз. Сыни ойлау технологиясы А.С. Амирова, Л. Исакова, Ж.И. Сардарованың ғылыми еңбектерінде қарастырылған. Бұл ұғымның негізі бағалау, салыстыру, талдау деген сөздерден бастау алатындығын байқадық. Осы тұста, «сыни ойлау технологиясы» ұғымына анықтама берген ғалымдардарға шолу жасасaq:

- бұл ынтымақтастық қатынаста аналитикалық көзқарасты білдіруі (Г.К. Кенжетаева);
- бұл ой шақыру, мазмұның ұғыну, рефлексия кезеңдерін іске асыру (С.И. Заир-Бек);
- бұл проблеманы тани білу, мәселені шешуде тиімді құралдарды табу, тілді дәлдікпен қолдану, пайымдаулар беру (Gökçearslan, Solmaz, Coşkun) [8].

Сыни тұрғыдан ойлау білім алушылардың қатысымдық, сөйлеу әрекетінде маңызды болып табылатындықтан, бұл зерттеу білім алушылардың тілдік дағдыларын сыни ойлау тұрғысынан қалыптастырудың мәнін терең және теориялық негізде түсінуге ықпал етуді мақсат етеді.

Ендеше, бұл зерттеудің негізгі мақсаты — сыни ойлау технологиясын бастауыш сынып оқушыларының тілдік дағдыларын қалыптастырудағы құралы ретінде ғылыми тұрғыда негіздеу.

Бұл мақсатқа жету үшін төмендегідей міндеттер қойылды:

1. Сыни ойлау технологиясының теориялық негіздерін талдау;
2. Бастауыш сынып оқушыларының тілдік дағдыларының мазмұнын анықтау;
3. Сыни ойлау технологиясына негізделген тапсырмалар жүйесін құрастыру;
4. Эксперименттік-тәжірибелік жұмыс арқылы әдістеменің тиімділігін дәлелдеу.

Әдістер мен материалдар

Тәжірибелік-эксперименттік зерттеуде сыни ойлау технологиясының бастауыш сынып оқушыларының тілдік дағдыларын қалыптастыруға әсерін анықтауда диагностикалық әдістеме қолданылды. Атап айтсақ, Р.С. Немов ұсынған «Белсендік сөздік қорын анықтау» атты диагностикалық әдістеме арқылы оқушылардың сөздік қоры анықталды [9, 350]. Бұл диагностикалық әдістеменің мақсаты: бастауыш сынып оқушыларының сөздік қорын анықтау. Әдістемеді сурет ұсынылады, оқушы суретке қарап, әңгіме құрайды. Әңгіме барысында сөз таптарын қолдану аясы тексеріледі. Нәтижелер хаттамада көрсетілген көрсеткіштер бойынша бағаланады. Сондай-ақ,

айтылым және тыңдылым, оқылым, жазылым дағдыларын анықтауға бағытталған авторлық тапсырма ұсынылды. Бұл Р.С. Немовтың ұсынған «Белсендік сөздік қорын анықтау» атты диагностикалық әдістемесі мен авторлық тапсырма оқушылардың тілдік дағдыларының деңгейлерін анықтауға бағытталған. Зерттеуге бастауыш сынып оқушылары қатысты.

Авторлық тапсырманың мазмұнында мәтіннен ақпарат таба білу, сауатты көшіру, ақпаратты қолдана отырып сұрақ құрастыру, мәтінді бөліктерге бөлу.

Нәтижелер және оларды талдау

Біз зерттеу мәселесінің өлшемдері мен көрсеткіштерін анықтадық. Сыни ойлау тұрғысынан бастауыш сынып оқушыларының тілдік дағдыларын қалыптастырудың компоненттері мен өлшемдері, көрсеткіштері төмендегідей (1-кесте).

1 - кесте

Зерттеу мәселесінің компоненттері мен өлшемдері, көрсеткіштері

Компонент	Өлшемдері	Көрсеткіштері
1	2	3
Мотивациялық	Талпыныс-ынталандырушылық	- жаңа сөздерді, тілдік бірліктерді игеруге деген талпыныс; - тілдің қоғамдық мәнін түсінуге деген қызығушылық; - сөздік қорын байытуға деген ынта.
Танымдық	Мазмұндық-когнитивтік	- сөз, сөз тіркесі, мәтін және оның мағынасын түсіну; - сөйлеу мәдениетіне, сөздік қорын байытуға бағытталған танымдық білім; - сөйлеу стилін таңдау, ақпаратты сыни тұрғыдан талдау және өңдеу қабілеті.
Операциялық	Нәтижелік-рефлексивтік	- тілдік дағдыларды игеру әрекеті; - өз ойын мәдениетті және сауатты жеткізу білігі; деңгейлі ойлау әрекеті; - сөйлеу әрекетінің түрлерін тану білігі.

Біз бұл зерттеуде танымдық компоненттің көрсеткіштерін анықтауға бағытталған диагностикалық әдістеменің нәтижесін ұсынамыз (2-кесте).

2 - кесте

Диагностикалық әдістеменің экспериментке дейінгі нәтижелері

Әдістеме	Бақылау сыныбы			Тәжірибелік сынып		
	Экспериментке дейін					
	төмен	орта	жоғары	төмен	орта	жоғары
«Белсендік сөздік қорын анықтау»	53,4 %	43,1 %	3,5 %	55,5 %	42,6 %	1,9 %

Анықтау кезеңіндегі нәтижелер мынадай көрсеткіштерді көрсетті: *бірінші диагностикалық әдістеме* бойынша бақылау сыныпта жоғары деңгей 3,5 пайыз 2 оқушыны; орта деңгей 43,1 пайыз 25 оқушыны; төменгі деңгей 53,4 пайыз 31 оқушыны құрады. Ал тәжірибелік сыныптың жоғары деңгейі 1,9 пайызды, орта деңгейі 42,6 пайызды, төменгі деңгейі 55,5 пайызды құрады. Бұл нәтижелерден біздің байқағанымыз, екі сыныптың оқушылары суретті әңгімелеуде сөз таптарын қолдануда, күрделі сөйлемдерді құруда, сөйлемдерді байланыстыруда қиындыққа тап болғандығы анықталды. Демек, зерттеу нәтижелері екі сыныптың да белсенді сөздік қорын дамыту қажеттілігін көрсетті. Келесі кезекте авторлық тапсырманың экспериментке дейінгі нәтижелерін ұсынайық (3-кесте).

Авторлық тапсырманың экспериментке дейінгі нәтижелері

Авторлық тапсырма	дағды	Бақылау сыныбы			Тәжірибелік сынып		
	айтылым	51,7 %	43,1 %	5,2 %	50 %	44,4 %	5,6 %
	жазылым	53,4 %	41,4 %	5,2 %	55,5 %	37 %	7,5 %
	оқылым	51,7 %	41,4 %	6,9 %	53,7 %	37 %	9,3 %
	тыңдалым	53,4 %	43,1 %	3,5 %	55,5 %	35,2 %	9,3 %

Авторлық тапсырманың нәтижесінде екі сыныптың да оқушылары *тыңдалым және айтылым-да*: сөздерді дыбыстауда, сөйлеу стилін қолдануда, тілді сауатты қолдануда, сөйлемді қайта құрастыруда; *жазылымда*: грамматиканы дұрыс қолдануда, сөйлемдерді дұрыс байланыстыруда, сөздерді дұрыс таңдауда, сауатты жазуда; *оқылымда*: мәтіннің мазмұны мен идеясын түсінуде қиындыққа тап болғандығы анықталды.

Қалыптастыру кезеңінде білім алушылардың тілдік дағдыларын қалыптастыруда сыни ойлау технологиясын құрал ретінде қолданатын боламыз. Осы ретте, біз оқушылардың тілдік дағдыларын қалыптастыруда сыни ойлау технологиясына тиесілі әдіс-тәсілдерді қолдандық (4-кесте).

4-сынып оқушыларының тыңдалым, айтылым, жазылым және оқылым дағдыларын анықтауда авторлық тапсырманың қысқаша мазмұнына тоқталайық. Айтылым дағдысын анықтауда оқушыларға сурет беріледі және суретке қарап әңгіме құрастырады, әңгіме құрастыру барысында оқушылар өз ойын ашық, мағыналы жеткізуге ынталанады. Сонымен қатар мәтін негізінде сұрақтар беріледі, оқушылар сол сұрақтарға жауап береді. Бағалау көрсеткіші ретінде сөз байлығы, сөйлем құрауы, логикалық байланысы басты назарға алынады.

Жазылым дағдысын анықтауда оқушыларға мәтін негізінде ұсынылған сұрақтарға жазбаша түрде жауап береді. Бұл тапсырмада сауатты жазуға, грамматикалық дәлдікке, ойдың жүйелілігіне баса назар аударылады.

Оқылым дағдысын анықтауда оқушыларға мәтіндегі ақпараттарды талдауға арналған тапсырмалар ұсынылады. Мәтінді оқу арқылы, тақырып құрастырады және ақпарат табады. Мәтінді бөліктерге бөледі. Сонымен қатар, мәтінді қайта құрастырады және құрылымын түсіндіреді. Бұл тапсырмалар ақпаратты іріктеуге және құрылымдық ойлауға бағытталған.

Тыңдалымда тілдің дыбыстық мағынасын ұғынуға арналған тапсырмалар ұсынылады. Тапсырмаларда оқушылар мәтін ақпаратын түсінеді және сұрақтарға жауап береді, сыни тұрғыда талдайды. Тыңдалым тапсырмаларының негізгі мақсаты: ақпаратты ажырата алу және мазмұнды түсіне білу, ақпаратты талдай алу.

Қолданылған әдіс-тәсілдер

Тілдік дағды	Оқушының әрекеті	Сыни ойлау технологиялары
1	2	3
Тыңдалым	Тілдің дыбыстық мағынасын түсінеді, ақпаратты талдайды.	«Жылжымалы мәтін», «Жалған мәліметті тап», «Сұрағын тап», «Ия да жоқ, жоқ та жоқ» және т.б.
Айтылым	Сөздерді дыбыстайды, интонацияны, вербалды және ым-ишараларды қолданады, пікірталасқа қатысады, тілді сауатты қолданады, ақпаратты қайта құрастырады, баяндайды, диалогқа қатысады, сөйлеу стилін қолданады.	«Ойынды дәлелде», «Бас қатырғыштар», «Қалың және жұқа сұрақтар», «Блиц кездесу», «Суретті сөйлет», «Сұрақтар шеңбері», «Сұрақтардың тізбесін құрастыр» және т.б.

1	2	3
Оқылым	Мәтіннің мазмұнын түсінеді, детальді түрде оқиды, сөздің мағынасын ажыратады, мәтіннің құрылымын түсінеді, болжай біледі, интенсивті оқиды.	«Мәтіндер талдау», «Үзіліспен оқу», «Сұрақтар туындату», «Топтық тергеу», «FILA» кестесі, «Ойлан, тап!» және т.б.
Жазылым	Сауатты жазады, идеяны немесе ойды жеткізе алады, сөздер логикалық тұрғыда үйлесімді және жүйелі түрде байланысады.	«Болжам ағашы», «INSERT», «Абстрактілі ойлау», «Дербес пікір» және т.б.

Бұл мәселені шешуде біз сыни ойлау технологиясы арқылы оқушылардың тілдік дағдыларын қалыптастыруға бағытталған тапсырмалар сыни ойлау технологиясына негізделіп ұсынылады. Мұндай дағдылар оқушылардың өз ойын еркін жеткізуіне және тиімді қарым-қатынас жасауына ықпал етеді.

Айтылым. Бұл дағдыны қалыптастыру мақсатында «Сұрақтардың тізбесін құрастыр» әдісі қолданылады. Бұл тәсіл оқушының шығармашылық ойлауын оятуға бағытталған. Мысалы: «Егер сенің бір күнің мектептің орнына орманда өтсе, не істер едің?», «Бұл ертегі кейіпкерінің жағымды және жағымсыз қасиеттерін ата», «Сен осындай жағдайды бастан кешірдің бе? Мысал келтір» сияқты сұрақтар ұсынылады. [10, 12]. Осындай тапсырмалар оқушының өз ойын еркін жеткізу, сөздерді орнымен қолдану, дыбыстауға назар аудару, интонация мен ым-ишараларды тиімді пайдалану дағдыларын жетілдіреді. Келесі кезеңде «Бас қатырғыштар» әдісі ұсынылады. Бұл әдіс — оқушыны бейнелі ойлауға, тосын сұрақтар арқылы қиялын дамытуға бағытталған. Мысалы: «Күн неге күлмсірейді деп ойлайсың», «Ағаш сөйлей алса, не дер еді?», «Жанбырдың көңіл-күйі қандай болады деп ойлайсың». Осы әдістердің нәтижесінде оқушы сұрақтарға терең ойланып жауап беруге, ақпаратты талдап, салыстырып, ой қорытындысын жасауға машықтанады. Бұл айтылым дағдысының тереңдей дамуына ықпал етеді.

Жазылым. Бұл дағды оқушының жазбаша тіл мәдениетін қалыптастыруға бағытталады. Жазу барысында оқушы мәтінді сауатты түрде құрастыруды, ойын нақты жеткізуді, стилистикалық бірізділікті сақтауды меңгереді. Бірінші тапсырма — «Кеңейтілген сұрақ» әдісіне негізделген. Оқушыға тақырыпқа сай мәтін ұсынылып, соның негізінде мынандай тапсырмалар беріледі.

- Мәтіндегі ойды анықтап жазу;
- Автор пікірмен келісе отырып немесе қарсы пікір айтып, оны дәлелдеу;
- Мәтіннің мазмұнына өз көзқарасын білдіру.

Бұл тапсырмалар оқушының жазбаша тілін дамытып, сауаттылыққа дағдыландырады. Екінші тапсырма — «Мәтінді жинақта» әдісі арқылы жүзеге асады. Мұнда мәтін бөліктері аралас ұсынылады, оқушылар оларды мағыналық байланысына қарай жүйелеп, әр бөлікке атау қояды, логикалық құрылымын қалпына келтіреді. Талдау үдерісінде оқушы мәтін мағынасына терең бойлап, мазмұнның тұтастығын сақтауды, ой жүйелілігін, сөйлемдердің байланысын дұрыс құруды үйренеді.

Оқылым. Мәтіндегі ақпаратты түсініп, оны саралау мен өңдеуге бағытталған маңызды дағды. Бұл дағдыны қалыптастыру барысында білім алушылар негізгі ойды табу, сөздердің мағынасын түсіну, мәтін құрылымын ажырату, болжам жасау, мәтіннің түрін тану сияқты әрекеттерді меңгереді. Аталған тапсырмалар оқушылардың мәтінмен жұмыс істеу қабілеттерін арттырып, ақпаратты іріктеу, салыстыру және тұжырым жасау біліктерін дамытуға бағытталады. Алғашқы тапсырма — «Зерттеушілер әдісі» арқылы ұйымдастырылады. Бұл әдіс оқушылардың мәтіндегі деректерді терең талдауына мүмкіндік береді. Мысалы: мәтін құрылымын анықтап, сызба ретінде көрсету; автор көзқарасын табу және дәлелдеу; мәтіндегі кәсіби терминдерді анықтап, олардың мағынасын түсіндіру. Келесі тапсырма — «Дұрыс не бұрыс» әдісі. Бұл тапсырмада оқушылар берілген пікірлерге «дұрыс» немесе «бұрыс» деп баға беріп, өз көзқарасын дәлелмен негіздейді. Мысалы:

- «Кейіпкердің әрекеті әділетті болды» — дұрыс/бұрыс, себебін түсіндір;
- «Мәтінде ғылыми дәлелдер келтірілген» — дұрыс/бұрыс, мысал келтір.

Осы әдістер оқушылардың оқылым мәтініне терең еніп, сыни тұрғыдан ойланып, тұжырым жасауына жол ашады. Нәтижесінде оқушыда ақпаратты сұрыптау, мәтінді құрылымдық тұрғыдан түсіну, дәлелдеу мен салыстыру арқылы оқылым дағдысы қалыптасады.

Тыңдалым. Яғни, тілдің дыбыстық мағынасын түсінуге негізделеді [10, 18]. Бұл дағдыны қалыптастыруда оқушылар алдымен тыңдалатын мәтін туралы жетекші сұрақтарға жауап беріп, содан соң ғана тыңдалым тапсырмаларын орындауға кіріседі. Тыңдау кезінде білім алушылар кейіпкердің әрекетін бақылау арқылы, мәтіндегі негізгі ойды айқындайды және өз көзқарасын дәлелдеуге тырысады. «Сұрағын тап» әдісі арқылы оқушыларға дайын жауаптар ұсынылып, соларға сәйкес сұрақтарды оқушылар өздері құрастырады. Мысалы: Себебі ол құрбысына көмектесті. Сұрақ: Неліктен сен ол адамды жанашыр деп ойлайсың? Тыңдалым дағдысын қалыптастыруда сыни ойлау технологияларды қолданудың нәтижесінде келесідей дағды қалыптасады: ақпаратты саралау, болжау жасау, әр түрлі жанрдағы мәтіндерді талдау, тыңдалған ақпаратты бағалау және т.б. Белсенді оқыту тапсырмалары арқылы оқушылардың тыңдалым, оқылым, айтылым, жазылым дағдылары белсенді түрде дамиды. [12].

Бұл сыни ойлау технологияларын қолдану нәтижесінде оқушылардың бойында тілдік дағдылар қалыптасады. Ендеше, зерттеу барысында сыни ойлау технологиясы тілдік дағдыларды қалыптастырудың құралы ретінде қолданылады.

Тұжырымдай келе, сыни ойлау тұрғысынан айтылым, оқылым, тыңдалым, жазылым дағдысын қалыптастыруға бағытталған тапсырмалардың тиімділігін тексеру мақсатында бақылау кезеңінде диагностикалық әдістеме және жеке тапсырмалар қайта алынды. Бақылау кезеңіндегі нәтижелер төмендегідей көрсеткіштерді көрсетті (5-кесте).

5 - кесте

Диагностикалық әдістеменің эксперименттен кейінгі нәтижелері

Әдістеме	Бақылау сыныбы			Тәжірибелік сынып		
	төмен	орта	жоғары	төмен	орта	жоғары
	«Белсендік сөздік қорын анықтау»	39,7 %	51,7 %	8,6 %	18,5 %	63 %

Нәтижелерді талдау: «Белсендік сөздік қорын анықтау» диагностикалық әдістеменің нәтижесінде бақылау және тәжірибелік сыныптың жоғары деңгейі 8,6 пайыз; 18,5 пайыз (бұдан әрі қарай бірінші бақылау сыныбы, екінші тәжірибелік сынып), орта деңгей 51,7 пайыз; 63 пайыз; төменгі деңгей 39,7 пайыз; 18,5 пайызды құрады. Бұл нәтижелер тәжірибелік сыныпта жүргізілген жұмыстардың нәтижелі болғандығын, әрі сөздік қорды дамытуға бағытталған тапсырмалардың тиімділігі дәлелденді деуге негіз бар. Келесі кезекте авторлық тапсырманың нәтижелерін ұсынайық (6-кесте).

6 - кесте

Авторлық тапсырманың эксперименттен кейінгі нәтижелері

Авторлық тапсырма	Дағды	Бақылау сыныбы			Тәжірибелік сынып		
		төмен	орта	жоғары	төмен	орта	жоғары
Авторлық тапсырма	айтылым	41,4 %	46,6 %	12 %	20,4 %	57,4 %	22,2 %
	жазылым	36,2 %	50 %	13,8 %	22,2 %	57,4 %	20,4 %
	оқылым	36,2 %	50 %	13,8 %	16,7 %	64,8 %	18,5 %
	тыңдалым	41,4 %	46,6 %	12 %	18,5 %	61,1 %	20,4 %

Авторлық тапсырманың нәтижелерін талдау: айтылым, жазылым, оқылым, тыңдалым дағдысының нәтижелерінен біздің байқағанмыз тәжірибелік сыныпта жоғары және орта деңгейлерінің пайыздық өлшемі артқандығын көрсетті. Тәжірибелік сыныпта айтылым дағдысы бойынша төменгі деңгей 37 пайызға төмендеді, орта деңгей 13 пайызға, жоғары деңгей 22,2 пайызға

артты; жазылым дағдысы бойынша төменгі деңгей 33,3 пайызға төмендеді, орта деңгей 24,4 пайызға, жоғары деңгей 12,9 пайызға артты; оқылым дағдысы бойынша төменгі деңгей 27,8 пайызға төмендеді, орта деңгей 27,8 пайызға, жоғары деңгей 9,2 пайызға артты; тыңдалым дағдысы бойынша төменгі деңгей 37 пайызға төмендеді, орта деңгей 25,9 пайызға, жоғары деңгей 11,1 пайызға артты. Тыңдалым және айтылым дағдыларын қалыптастыруда оқушылар сөздерді дыбыстауда, сөйлеу стилін қолдануда, тілді сауатты қолдануда, сөйлемді қайта құрастыруда жақсы көрсеткіштер көрсетті. Сондай-ақ, сөйлемдерді дұрыс байланыстырды, сөздердің мағынасын түсінді, сауатты жаза алды.

Бұл нәтижелер сыни ойлау технологиясы арқылы оқушылардың тілдік дағдыларын қалыптастыруға бағытталған тапсырмалардың тиімділігін дәлелдейді. Бұл зерттеуде сыни ойлау технологиясы бастауыш сынып оқушыларының тілдік дағдыларын қалыптастырудың құралы ретінде қарастырылған. Осы ретте, П.К. Елубаева мен Г.О. Беркинбаева өз зерттеулерінде тілді үйренуде «4К» дағдыларын қалыптастыру мәселесін қарастырған. [11]

Зерттеу нәтижелері бойынша білім алушылардың бойында өз идеяларын тұжырымдау, ақпаратпен жұмыс жасау дағдылары, болжам жасау, пайымдай алу білігін қалыптастыруға ықпал ететінін айқындайды. Бұл зерттеу сыни ойлау мен шығармашылық, коммуникативтік пен ынтымақтастық дағдыларды қалыптастыруға бағытталған. Тілдік дағдылар коммуникация арқылы іске асады. Ендеше, коммуникативтік дағдылар топтық жұмысқа негізделген ынтымақтастық қатынаста жақсы дами түседі.

Б.Д. Карбозова және қосалқы авторлар айтылым, жазылым әрекеттерін дамытуда мәтін құрастыру, мәтіннің мазмұнына ену, болашақты жоспарлай алу, тұжырымдар жасау, қиялға еркіндік беру, жаңа идеяларды іске асыруға бағытталған тапсырмаларды құрастыруды көздейді [13]. Бұл тапсырмалардың сыни тұрғыдан және шығармашылық ойлауды қалыптастыруға септігін тигізетіні сөзсіз. Тілдік дағдылар сөйлеу әрекеттері арқылы іске асады, ал сыни ойлау ойлаудан бастау алады. Сөйлеу кезінде ой қалыптасады. Ойлау мен сөйлеудің арасындағы байланысты N. Ariel (2024) зерттеді. Олай болса, тілдік дағдыларды сыни ойлау тұрғысынан қалыптастыру маңызды зерттеулердің бірі. Бұл зерттеу мәселесін кең мағынада N. Ariel және т.б. ғалымдар зерттеген [14].

Зерттеудің бірінші нәтижесіне сәйкес, білім алушылардың сөздік қорының артқандығы; тілдік қатынас барысында күрделі сөйлемдер құруға; менің ойымша, біріншіден, екіншіден деген сөздерді қолдана отырып тұжырым жасай білуге дағдыланғандығы байқалды.

Зерттеу барысында алынған екінші нәтижеге сәйкес, білім алушылар сөйлеудің стилін сауатты қолданады, сөйлемдерді дұрыс байланыстыра отырып сауатты жеткізеді, сөздерді дұрыс қолданады, сыни тұрғыдан талдау жасай алады. Бұл нәтижелер білім алушылардың тілдік дағдыларының қалыптасқандығын көрсетеді. Тілдік дағдыларды қалыптастыру білім алушылардың қатысымдық дағдыларын қалыптастыруда маңызы зор деп білеміз.

Сонымен қатар, тілдік дағдыларды қалыптастыруда цифрлық платформалардың ықпалын Núñez-Naranjo және бірлескен авторлар зерделеген (2024) [15]. Авторлар цифрлық платформаны қолданудың нәтижесінде білім алушылардың айтылым, тыңдалым, оқылым, жазылым дағдылардың жақсарғандығын анықтады. Демек, бұл тәжірибені де болашақта зерттеу барысында қолданатын боламыз.

Қорытынды

Бастауыш сынып оқушыларының сыни ойлау тұрғысынан тілдік дағдыларын қалыптастыру мәселесі өзекті әрі зерттеуді қажет ететін зерттеу екені анықталды. Тілдік дағдылар қатысымдық дағдылар арқылы іске асып, оқу қызметінде ерекше мәнге ие. Себебі грамматикалық білім, лексикалық тақырыптар төрт дағды арқылы жүзеге асады. Оның нәтижесінде білім алушылар сөздің мағынасын, қолдану жолдарын, байланысын түсініп, сөздік қоры дами түседі.

Зерттеу нәтижесінде білім алушылардың бойында төмендегідей дағды қалыптасады.

біріншіден — өзге білім алушылармен қарым-қатынасқа түсу кезінде тілдік бірліктерді қолдануға дағдыланады;

екіншіден — сыни тұрғыдан ақпаратты талдауға, шешім қабылдауға, жаңаша көзқарастарды білдіруге, жаңа идеяларды іске асыруға талпынады;

үшіншіден — ынтымақтастық қатынаста коммуникативтік дағдылар қалыптасады;

төртіншіден — жазба тілдегі мәтінді түсінуге, яғни идеяны табу, ақпаратты табу, сөздің мағынасын және мәтін құрылымын түсіну, болжам жасауға үйренеді;

бесіншіден — тілдің дыбыстық мағынасын түсінуге дағдыланады.

Зерттеу мәселесінің құндылығын әрі маңыздылығын арттыру мақсатында мынадай ұсыныстарды ұсынамыз:

- тілдік дағдыларды сыни ойлау және цифрлық технологиялар тұрғысынан қалыптастыруға бағытталған жаттығулар мен тапсырмаларды іске асыру;
- айтылым, тыңдалым, оқылым, жазылым дағдыларды қалыптастыруға бағытталған вариативті курстарды оқу процесінде жүзеге асыру;
- тілдік дағдыларды қалыптастыруға бағытталған жұмыстарды жоспарлы түрде қамтамасыз ету.

Әдебиеттер тізімі

- 1 Tang F. Family language policy: the impact of multilingual experiences at university and language practices at home / F. Tang, R. Calafato // *International Journal of Bilingual Education and Bilingualism*. — 2025. — Vol. 28. — No. 1. — P. 92–107. DOI: 10.1080/13670050.2024.2409114
- 2 Zhang H. Investigating university EFL teachers' perceptions of critical thinking and its teaching: Voices from China / H. Zhang, R. Yuan, X. He // *The Asia-Pacific Education Researcher*. — 2020. — Vol. 29. — No. 5. — P. 483–493. DOI: 10.1007/s40299-020-00500-6
- 3 Ghanizadeh A. Higher order thinking skills in the language classroom: A concise guide / A. Ghanizadeh, A.H. Al-Hoorie, S. Jahedizadeh. — Springer International Publishing, 2020.
- 4 Cananau I. Critical thinking in preparation for student teachers' professional practice: A case study of critical thinking conceptions in policy documents framing teaching placement at a Swedish university / I. Cananau, S. Edling, B. Haglund // *Teaching and Teacher Education*. — 2025. — Vol. 153. — P. 104816. DOI: 10.1016/j.tate.2024.104816
- 5 Haber J. *Critical thinking* / J. Haber. — MIT Press, 2020.
- 6 Suriano R. Student interaction with ChatGPT can promote complex critical thinking skills / R. Suriano et al. // *Learning and Instruction*. — 2025. — Vol. 95. — P. 102011. DOI: 10.1016/j.learninstruc.2024.102011
- 7 Heron M. Developing dialogic stance through professional development workshops / M. Heron, H. Wason // *Innovations in education and teaching international*. — 2025. — Vol. 62. — No. 1. — P. 73–85. DOI: 10.1080/14703297.2023.2271892
- 8 Gökçeşlan Ş. Critical thinking and digital technologies: An Outcome Evaluation / Ş. Gökçeşlan, E. Solmaz, B.K. Coşkun // *Handbook of research on individualism and identity in the globalized digital age*. — IGI Global, 2017. — P. 141–167.
- 9 Немов Р.С. Психология: учеб. для студ. высш. пед. учеб. заведений [Электронный ресурс] / Р.С. Немов. — 4-е изд. — М.: Владос, 2001. — 640 с. — Режим доступа: https://ddt-msh.edu.yar.ru/1_nemov_r_s_-_psihologiya_kniga_3_copy.pdf
- 10 Туреханова Г.Б. Тиімді сұрақтар арқылы оқушылардың ойлау қабілеттерін дамыту: әдістемелік ұсыным [Электрондық ресурс] / Г.Б. Туреханова, Н.К. Абдрахманова. — Астана: «Назарбаев Зияткерлік мектептері» ДББҰ Педагогикалық шеберлік орталығы, 2016. — 44 б. — Қолжетімділігі: <https://sozdikqor.kz/sozdik/?id=204>
- 11 Yelubayeva G.O. Implementing the 'four Cs' Skills Into the Language Classroom Through Cooperative Learning to Promote Kazakh Youth Communication Skills / P.K. Yelubayeva, G.O. Berkinbayeva // *Bulletin of Kazakh Ablai Khan University of International Relations and World Languages Series "Pedagogical Sciences"*. — 2024. — № 3(74). — P. 342–348. DOI: 10.48371/PEDS.2024.74.3.020
- 12 Құлмағамбетова А. Тілдік төрт дағды бойынша белсенді оқыту тапсырмалары, оқу-әдістемелік құрал [Электрондық ресурс] / А. Құлмағамбетова. — 2014. — 54 б. — Қолжетімділігі: <https://umckrg.gov.kz/files/loader/1618302023461.pdf>
- 13 Карбозова Б.Д. Қазақ тілін меңгерту барысында креативті ойлау дағдысын қалыптастыру: тілді оқытуда креативті ойлау дағдысын қалыптастыру / Б.Д. Карбозова, М. Иманкулова, А.Б. Шормақова // *ҚР ҰҒА Хабаршысы*. — 2024. — Т. 5. — № 411. — Б. 109–119. DOI: 10.32014/2024.2518-1467.829
- 14 Ariel N. Don't think before you speak: on the gradual formation of thoughts during speech / N. Ariel // *Pedagogy, Culture & Society*. — 2024. — Vol. 32. — No. 2. — P. 361–373. DOI: 10.1080/14681366.2022.2039270
- 15 Núñez-Naranjo A. Improving English Language Skills with a Technological Approach in Teaching / A. Núñez-Naranjo, S.E. Chimarro Reinoso, E. Morales-Urrutia // *International Conference on Information Technology & Systems*. — Cham: Springer Nature Switzerland, 2024. — P. 430–447. DOI: 10.1007/978-3-031-54256-5_41

Ш. Әлмұханбет, Қ. Молдабек

Технология критического мышления как средство формирования языковых навыков младших школьников

В статье рассматривается технология критического мышления как средство формирования языковых навыков младших школьников. Развитие языковой компетенции важно для академического и личностного роста учащихся, способствует умению анализировать информацию, выстраивать коммуникацию, грамотно и уместно выражать мысли, а также обогащать словарный запас. Формирование язы-

ковых умений основывается на чтении, аудировании, говорении и письме, что способствует развитию функциональной грамотности. Особое внимание уделяется правильному использованию языковых единиц, пониманию смысла слов и соблюдению норм речевого этикета. Цель исследования — теоретически обосновать применение технологии критического мышления для развития языковых навыков учащихся начальной школы. В ходе работы были определены компоненты, критерии и показатели, отражающие формирование языковых умений с позиции критического мышления.

Ключевые слова: языковые навыки, технология критического мышления, словарный запас, анализ информации, языковая единица, грамотность, коммуникативное общение.

Sh. Almukhanbet, K. Moldabek

Technology of critical thinking as a means of forming language skills of primary school students

The article examines the technology of critical thinking as means of developing the language skills of younger schoolchildren. The formation of language skills is important for the student's academic development, the competent formation of students' language skills requires relevant, productive implementation today. This allows the student to freely analyze information, build relationships, express their thoughts competently and culturally the process of communication. The purpose of the study is to consider ways of forming students' language skills from the point of view of critical thinking. The study identified the components, criteria, and indicators of the formation of language skills of younger schoolchildren in terms of critical thinking. The experimental work was conducted among students of two schools in Shymkent. Three stages of experimental, expert work have been implemented. At the identification stage, the level of students' skills and the activity of their vocabulary were determined using R.S. Nemov's diagnostic methodology and the author's tasks. The formation stage was carried out by presenting tasks aimed at developing students' language skills using critical thinking technology. Control stage, the results are compared relatively, and the effectiveness of tasks aimed at developing language skills is proven.

Keywords: language skills, critical thinking technology, vocabulary, information analysis, Language Unity, literacy, communicative communication.

References

- 1 Tang, F., & Calafato, R. (2025). Family language policy: The impact of multilingual experiences at university and language practices at home. *International Journal of Bilingual Education and Bilingualism*, 28(1), 92–107. <https://doi.org/10.1080/13670050.2024.2409114>
- 2 Zhang, H., Yuan, R., & He, X. (2020). Investigating university EFL teachers' perceptions of critical thinking and its teaching: Voices from China. *The Asia-Pacific Education Researcher*, 29(5), 483–493. <https://doi.org/10.1007/s40299-020-00500-6>
- 3 Ghanizadeh, A., Al-Hoorie, A.H., & Jahedizadeh, S. (2020). *Higher order thinking skills in the language classroom: A concise guide*. Cham: Springer International Publishing.
- 4 Cananau, I., Edling, S., & Naglund, B. (2025). Critical thinking in preparation for student teachers' professional practice: A case study of critical thinking conceptions in policy documents framing teaching placement at a Swedish university. *Teaching and Teacher Education*, 153, 104816. <https://doi.org/10.1016/j.tate.2024.104816>
- 5 Haber, J. (2020). *Critical thinking*. Cambridge, MA: MIT Press.
- 6 Suriano, R., et al. (2025). Student interaction with ChatGPT can promote complex critical thinking skills. *Learning and Instruction*, 95, 102011. <https://doi.org/10.1016/j.learninstruc.2024.102011>
- 7 Heron, M., & Wason, H. (2025). Developing dialogic stance through professional development workshops. *Innovations in Education and Teaching International*, 62(1), 73–85. <https://doi.org/10.1080/14703297.2023.2271892>
- 8 Gökçeşlan, Ş., Solmaz, E., & Coşkun, B.K. (2017). Critical thinking and digital technologies: An outcome evaluation. In *Handbook of Research on Individualism and Identity in the Globalized Digital Age* (pp. 141–167). Hershey, PA: IGI Global.
- 9 Nemov, R.S. (2001). *Psikhologiya: uchebnik dlia studentov vysshikh pedagogicheskikh uchebnykh zavedenii* [Psychology: Textbook for students of higher pedagogical institutions]. 4th edition. Moscow: Vldos. ddt-msh.edu.yar.ru. Retrieved from https://ddt-msh.edu.yar.ru/1__nemov_r_s_-_psihologiya_kniga_3_copy.pdf [in Russian]
- 10 Turekhanova, G.B., & Abdrakhmanova, N.K. (2016). Tiimdi suraqtar arqyly oqushylardyn oilau qabiletterin damytu: adistemelik usynym [Developing students' thinking skills through effective questioning: methodological recommendations]. Astana: «Nazarbaev Ziatkerlik mektepteri» DBBU Pedagogikalyq sheberlik ortalygy. sozdikqor.kz. Retrieved from <https://sozdikqor.kz/sozdik/?id=204> [in Kazakh].
- 11 Yelubayeva, P.K., & Berkinbayeva, G.O. (2024). Implementing the “four Cs” Skills Into the Language Classroom Through Cooperative Learning to Promote Kazakh Youth Communication Skills. *Bulletin of Kazakh Ablai Khan University of International Relations and World Languages Series “Pedagogical Sciences”*, 3(74), 342–348. <https://doi.org/10.48371/PEDS.2024.74.3.020>

12 Kulmagambetova, A. (2014). Tildik tort dagdy boiynsha belsendi oqytu tapsyrmalary, oqu-adistemelik qural [Active learning tasks for four language skills, educational-methodological manual]. *umckrg.gov.kz*. Retrieved from <https://umckrg.gov.kz/files/loader/1618302023461.pdf> [in Kazakh].

13 Karbozova, B.D., Imankulova, M., & Shormakova A.B. (2024). Qazaq tilin mengertu barysynda kreativti oilau dagdysyn qalyptastyru: tildi oqytuda kreativti oilau dardysyn qalyptastyru [Formation of Creative Thinking Skills in tea Study of the Kazakh Language: developing creative thinking in language teaching]. *Qazaqstan Respublikasy Ultyq Gylm Akademiiasynyn Khavarshysy — Bulletin of National Academy of Sciences of the Republic of Kazakhstan*, 5, 411, 109–119. <https://doi.org/10.32014/2024.2518-1467.829> [in Kazakh].

14 Ariel, N. (2024). Don't think before you speak: On the gradual formation of thoughts during speech. *Pedagogy, Culture & Society*, 32(2), 361–373. <https://doi.org/10.1080/14681366.2022.2039270>

15 Núñez-Naranjo, A., Chimarro Reinoso, S.E., & Morales-Urrutia, E. (2024). Improving English language skills with a technological approach in teaching. In *International Conference on Information Technology & Systems* (pp. 430–447). Cham: Springer Nature Switzerland. https://doi.org/10.1007/978-3-031-54256-5_41

Information about the authors

Almukhanbet, Sh. (contact person) — Doctoral student of the educational program 8Д01301 — Teacher Training in Pedagogy and Methods of Primary Education, South Kazakhstan Pedagogical University named after Ozbekali Zhanibekov, Shymkent, Kazakhstan; email: sholpaalmu@gmail.com; <https://orcid.org/0009-0001-2315-282X>

Moldabek, K. — Doctor of Pedagogical Sciences, Professor, Department of Primary Education Methodology, South Kazakhstan Pedagogical University named after Ozbekali Zhanibekov, Shymkent, Kazakhstan; email: moldabek@mail.ru; <https://orcid.org/0000-0003-3251-8819>